

Германиядағы біліктілікті арттыру

2016 жылдың 27 қараша мен 10 желтоқсан аралығында профессор А.К. Казкенова «IKaRuS» білім беру орталығы жанындағы «Билингвальное образование и воспитание (сетевое взаимодействие)» тақырыбындағы халықаралық біліктілікті арттыру курсына қатысты (Interkulturelle Kommunikation und russische Sprache e.V.) (Гутов, Германия).

Көптілді білім беру қазіргі таңдағы отандық білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі. Осы курста шет елдегі әріптестердің бұл саладағы тәжірибелерімен танысып, қазақстандық жетістіктермен салыстырып елімізде қолдану және енгізу мүмкіндіктері қаралды. Бағдарламаның жетекшісі ретінде билингвалды білім беру маманы, п.ғ.к. (PhD), ОЦ IKaRuS (Германия) жанындағы көптілділік пен мәдениет аралық коммуникациясы халықаралық басқармасының әдіс кеңесінің мүшесі, «Инновационные технологии в сфере поликультурного образования» халықаралық желілік зертханалардың ғылыми жетекшісі, РФ ғылыми-техникалық саласы федералды реестрының сарапшысы Е.Л. Кудрявцева. Курстың бағдарламасы екі бөлімнен тұрды. Бағдарламаның бірінші бөлімі келесі тақырыптар бойынша «Введение в билингвальное образование»; «Обучение работе с портфолио как компетентностно-образовательным ресурсом»; «Игровые технологии в современном образовательном процессе» дәрістер, семинарлар, шеберлік сабақтарын қамтыды. Бұл бөлімнің бағдарламасы 80 сағатқа созылды. Эстаниялық әріптесіміз ITC Professional Development бас директоры Светланы Шершунның қатысуы Германия, Эстония мен Қазақстанның өз тілі мен шет тілдерді үйретудегі жинаған тәжірибені салыстыруға мүмкіндік берді.

Екінші бөлімде «Аналитический обзор современной этнолингвокультурной ситуации и образовательной политики полиязычия в Республике Казахстан» Е.Л. Кудрявцеваның мақаласымен талдаумен жұмыс жалғасты. Мақалада Қазақстандағы білім беру саласына талдау жасалып, европадағы тілдерді үйрету практикасымен қатар қойылып салыстырылды.